

Әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін дербес қолдану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 24 маусымдағы N 274-ОД бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 3 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2981. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы № 22 бұйрығымен

Әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін дербес қолдану ережесін бекіту туралы

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.01.2018 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту: Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 77-НҚ бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1126 қаулысымен бекітілген Табиғи монополия субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдірудің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 38-тармағына, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 5 қарашадағы N 263-НҚ бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2599 нөмірмен тіркелген Әуежайлар мен аэронавигация қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін белгілеу және алып тастау ережесіне сәйкес **Бұйырамын:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу Агенттігінің 2009 жылғы 13 ақпандағы N 42-НҚ Бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін дербес қолдану ережесі бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 77-НҚ бұйрығымен .

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Темір жол көлігі мен порттар саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департаменті (Е.С.Жусанбаев) осы бұйрықтың заңда белгіленген ереженің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік және аумақтық жұмыстар департаменті (М.А.Токарева) мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) осы бұйрықтың белгіленген ереженің ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің, "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамының, "Алматы халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамының және "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төрағаның

міндетін атқарушы

Келісілді:

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникациялар

министрінің міндетін атқарушы

2004 жылғы 2 шілде

Қазақстан Республикасының
Табиғи монополияларды реттеу
және бәсекелестікті қорғау
жөніндегі агенттігі төрағасының
міндетін атқарушының
2004 жылғы 24 маусымдағы
N 274 - ОД бұйрығымен
бекітілген

Әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін дербес қолдану ережесі

Ескерту: Тақырыпта және барлық мәтін бойынша "мемлекеттік реттеуге жататын әуежайлар мен аэронавигация қызметтерінің" деген сөздер "әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің" деген сөздермен ауыстырылды;

барлық мәтін бойынша "өсуіне" деген сөз "өсу" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 77-НҚ, 2006 жылғы 11 қазандағы N 242 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

1. Жалпы ережелер

1. Әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін дербес қолданудың осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1126 қаулысымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдірудің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу Агенттігінің 2009 жылғы 13 ақпандағы N 42-НҚ Бұйрығымен.

2. Осы Ереже табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (бұдан әрі - реттелетін қызметтер) тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін дербес қолданудың шарттары мен тетігін айқындайды.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

жаңадан іске қосылған рейс - әуе кемелерін басқа пайдаланушылар орындамайтын әуе кемелерін пайдаланушы орындайтын жаңа бағыт бойынша рейс;

тарифтің (бағаның, алым ставкасының) кіріс бөлігі - қолданыстағы тарифке (бағаға, алым ставкасына) салынған, уәкілетті орган бекіткен субъектінің реттелетін қызметі тарифінің (бағасының, алым ставкасының) және реттелетін қызметтің субъект көрсететін бірлігінің толық өзіндік құнының арасындағы айырмашылықты көрсететін пайда;

өтінім - әуе кемелерін пайдаланушының субъектіге әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифіне (бағасына, алым

ставкасына) уақытша төмендету коэффициентін қолдануға арналған өтініші (еркін нысанда);

субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметін тұтынудың мәлімделген көлемі - әуе кемелерін пайдаланушының мәлімделген кезеңде жоспарланған уақытша төмендету коэффициентін белгілеуге берілген өтінімде көрсетілген субъектінің реттелетін қызметтерін тұтыну көлемі;

мәлімделген кезең - әуе кемелерін пайдаланушының уақытша төмендету коэффициентін белгілеуге берген өтінімінде көрсетілген кезең;

реттеліп көрсетілетін қызметтердің толық өзіндік құны - шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі туралы ереженің талаптарына сәйкес реттелетін қызметтің бірлігіне арналған тарифте (бағада, алым ставкасында) ескерілген субъектінің шығындары;

субъектінің реттелетін қызмет көрсетуінің табыстылығы - тарифтің кіріс бөлігінің реттеліп көрсетілетін қызметтің толық өзіндік құнына арақатынасы;

субъект - әуежайлардың немесе аэронавигацияның реттелетін қызметтерін көрсететін әуежай немесе аэронавигация ұйымы;

шартты-ауыспалы шығындар - көрсетілетін реттелетін қызметтер көлеміне тәуелді реттелетін қызметтер ұсынуға байланысты субъектінің шығындары;

әуе кемелерін пайдаланушы - әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өзінің қызметтерін ұсынатын, әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға;

уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 77-НҚ , 2006 жылғы 11 қазандағы N 242 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2009.02.13. N 42-НҚ Бұйрықтарымен.

4. Осы Ереже субъектілерге және олардың қызметтерін тұтынушы - әуе кемелерін пайдаланушыларға қолданылады.

2. Уақытша төмендету коэффициентін дербес қолдану шарты

5. Өтінімдер болған кезде, әуе кемелерін пайдаланушының мынадай талаптардың біреуін орындау кезінде әуежай әуежайдың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициентін дербес қолданады :

1) белгілі бір кезеңге арналған өтінімде көрсетілген реттеліп көрсетілетін жоспарланған тұтыну көлемі өткен жылдың осы кезеңіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді нақты тұтыну көлемінен жоғары болғанда;

2) әуежайдың іске қосылмаған немесе әлсіз іске қосылған қуатын пайдалану мүмкіндігі;

3) әуе кемелерінің әуежайға техникалық қона отырып, транзиттік ұшуларды орындауы.

4) алынып тасталды .

Ескерту: 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 77-НҚ , 2006 жылғы 11 қазандағы N 242 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) .

5-1. Өтінімдер болған жағдайда, әуе кемелерін пайдаланушының мынадай талаптарының біреуін орындау кезінде аэронавигация ұйымы аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициентін дербес қолданады:

1) әуе кемелерінің ұшу жиілігінің өсуі және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде жаңа бағыттарды тарту;

2) іске қосылмаған немесе әлсіз іске қосылған әуе трассаларын пайдалану мүмкіндігі.

Ескерту: 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 11 қазандағы N 242 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) .

6. Әуе кемелерін пайдаланушы үшін уақытша төмендету коэффициенттерін қолдану субъектінің алдында реттеліп көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жөнінде мерзімі өткен кредиторлық берешегі болмаған жағдайда немесе кредиторлық берешегін өтеу кестесіне сәйкес өтеген жағдайда жүргізіледі.

Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 77-НҚ бұйрығымен .

7. Субъектінің уақытша төмендету коэффициентін қолдануымен реттелетін қызмет көрсетуден алған кірістері оны көрсетуге байланысты шығындарды жабуға және субъектінің тиімді жұмыс істеуіне қажетті пайда алуын қамтамасыз етуге тиіс.

7-1. Осы Ереженің 5, 5-1, 6 және 7-тармақтарында көзделген шарттарды орындамаған жағдайда, субъект әуе кемелерін пайдаланушының атына уақытша төмендету коэффициентін дербес қолданудан бас тартылғаны туралы жазбаша хабарлама жолдайды.

Ескерту: 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 11 қазандағы N 242 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) .

3. Қолданылу мерзімін айқындау тәртібі және уақытша төмендету коэффициентінің деңгейі

8. Субъект уақытша төмендету коэффициентінің қолданылу мерзімін әуе кемелерін пайдаланушының өтінімінің негізінде айқындайды. Осы Ереженің 5-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, уақытша төмендету коэффициенті белгілі бір мерзімге (ай, тоқсан, жыл) қолданысқа енгізіледі, бірақ күнтізбелік жылдың аяғына дейінгі мерзімнен аспауға тиіс.

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 11 қазандағы N 242 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) .

9. Уақытша төмендету коэффициенті реттелетін қызметтің әрбір түріне жеке қолданылады.

10. Субъектінің реттелетін қызметіне уақытша төмендету коэффициентінің деңгейі:

1) әуе кемелерін пайдаланушының мәлімделген кезеңде субъектінің қызметі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда субъектінің реттелетін қызметін тұтынудың мәлімделген көлемінің өсуімен, бұл ретте жаңадан іске қосылған рейстер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің өсуі 100 пайызға тең қабылдансын;

2) қолданыстағы тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізілген субъектінің реттелетін қызмет бірлігінің толық өзіндік құнындағы шартты-ауыспалы шығындардың үлесімен;

3) субъектінің реттелетін қызметін көрсетудің табыстылығымен айқындалады .

Субъектінің реттелетін қызметтерінің түрлері бойынша шартты-ауыспалы шығындардың тізбесі осы Ереженің 1-қосымшасында келтірілген.

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 11 қазандағы N 242 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) .

11. Уақытша төмендету коэффициентінің деңгейі субъекті реттеліп көрсетілетін қызметін тұтыну көлемінің, реттелетін қызмет бірлігінің толық өзіндік құнындағы шартты-ауыспалы шығындар үлесінің, субъектінің реттелетін қызметін көрсетудің табыстылық деңгейінің осы Ереженің 2-қосымшасында келтірілген уақытша төмендету коэффициенттерінің деңгейі көрсеткіштерінің кестесіне сәйкес өсу қарай айқындалады.

Ескерту: 11-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 77-НҚ бұйрығымен .

12. Уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін айқындау үлгісі осы Ереженің 3-қосымшасында келтірілген.

4. Тарифке (бағаға, алым ставкасына) уақытша төмендету коэффициентін қолданудың тәртібі

13. Әуе кемелерін пайдаланушы субъектінің реттелетін қызметін тұтынудың белгілі бір кезеңге мәлімделген көлемін және өткен жылдың осындай кезеңі үшін нақты тұтыну көлемін (әуе кемесінің үлгісін, ұшу санын, рейстер қозғалысының жиілігін, ұшу массасын, реттеліп көрсетілетін қызметтерден түскен болжамды (нақты) табысын) көрсете отырып өтінім береді.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 11 қазандағы N 242 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) .

14. Субъект уақытша төмендету коэффициентін шарттың немесе әуе кемелерін пайдаланушымен жасалған шарттың (шартқа берілген қосымшалардың) негізінде қолданады. Осы шарт (шартқа берілген қосымша) субъектімен уақытша төмендету коэффициентінің қолданылуы кезеңін және әуе кемелерін пайдаланушының тиісті уақыт кезеңі ішінде уақытша төмендету коэффициентін қолданбастан көрсетілген қызметтің нақты орындалған көлемінің тарифін (бағасын, алым ставкасын) қайта есептеу түріндегі реттеліп көрсетілетін қызметін тұтынудың мәлімделген көлемін орындамағаны үшін жауапкершілігін көздейді.

Ескерту: 14-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 77-НҚ бұйрығымен .

5. Тарифке (бағаға, алым ставкасына) уақытша төмендету коэффициентін алып тастау тәртібі

15. Уақытша төмендету коэффициентінің қолданысы субъекті мен әуе кемелерін пайдаланушының арасында жасалған шартта немесе шартқа берілген қосымшада белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін, сондай-ақ уәкілетті орган субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіткен сәттен бастап тоқтатылады.

Ескерту: 15-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 77-НҚ бұйрығымен .

16. Қолданылатын уақытша төмендету коэффициентін субъекті немесе уәкілетті орган белгіленген мерзім аяқталғанға дейін мынадай жағдайларда:

1) уақытша төмендету коэффициентін одан әрі қолданудың экономикалық мақсатсыздығы жағдайында;

2) әуе кемелерін пайдаланушының әуежай немесе аэронавигациялық ұйым алдындағы мерзімі өткен кредиторлық берешегінің пайда болған немесе өтеу кестесін орындамаған жағдайда;

3) осы Ереженің 5, 5-1, 6 және 7-тармақтарында белгіленген өлшемдерге сәйкес келмеген;

4) осы Ереженің 14-тармағына сәйкес жасасылған шарттың немесе шартқа берілген қосымшамен көзделген талаптарды орындамаған жағдайда алып тастауы мүмкін.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 11 қазандағы N 242 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) .

16-1. Осы Ереженің 16-тармағында белгіленген жағдайларда әуе кемелерін пайдаланушыға алып тасталғанға дейін 10 күн бұрын уақытша төмендету коэффициентін алып тастау туралы хабарлама жолданады.

Ескерту: 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 11 қазандағы N 242 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) .

17. Уақытша төмендету коэффициентін алып тастау уақытша төмендету коэффициентін қолдану туралы шартты (шартқа берілген қосымшаны) бұзуға негіз болып табылады.

6. Уәкілетті органға хабарлама және есеп беру тәртібі

18. Субъекті уәкілетті органды реттелетін қызметтің тарифіне (бағасына, алым ставкасына) уақытша төмендету коэффициентін қолдану туралы уақытша төмендету коэффициентінің қолданыс мерзімі басталғанға дейін кем дегенде 10 күн бұрын, сондай-ақ осы Ереженің 15-тармағында белгіленген жағдайларда уақытша төмендету коэффициентін алып тастау туралы алып тасталған күннен бастап 3 жұмыс күннің ішінде хабардар етеді.

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 11 қазандағы N 242 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) .

19. Субъект ай сайын келесі есеп берілетін айдың 10-на дейінгі мерзімде уәкілетті органға мынадай ақпаратты:

1) уақытша төмендету коэффициентін қолдана отырып реттелетін қызмет ұсыну жөнінде әуе кемелерін пайдаланушылармен жасалған шарттар немесе шарттарға берілген қосымшалар туралы ақпаратты;

2) уақытша төмендету коэффициентін қолдана отырып әуе кемелерін пайдаланушылардың бөлігінде (осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес) субъектінің уақытша төмендету коэффициентін қолданудың нәтижесінде алған қосымша кірістерінің немесе залалдарының көлемін көрсете отырып, көрсетілген реттелетін қызметтің нақты көлемі туралы ақпаратты ұсынады.

20. Субъекті уәкілетті органның талабы бойынша уақытша төмендету коэффициентін бекіту үшін басқа да қажетті ақпаратты ұсынуға міндетті.

Ескерту: 20-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 77-НҚ бұйрығымен .

Қазақстан Республикасының

Табиғи монополияларды реттеу
және бәсекелестікті қорғау
жөніндегі агенттігі төрағасының
міндетін атқарушының
2004 жылғы 24 маусымдағы
N 274-ОД бұйрығымен бекітілген
әуежайлар мен аэронавигацияның
реттеліп көрсетілетін қызметтерінің
тарифтеріне (бағаларына, алым
ставкаларына) уақытша төмендету
коэффициенттерін дербес қолдану
е р е ж е с і н е
1-қосымша

Ескерту: 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 11 қазандағы N 242 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) .

Реттелетін қызметтердің түрлері бойынша
шартты-ауыспалы шығындардың тізбесі

Қызметтердің атауы | Шығыстар бабы

1 Әуе кемесінің ұшуы мен қонуын (қабылдау және шығару) қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер

1.1 Өндірістік-диспетчерлік қызметтің Материалдық шығындар арнаулы техникасын ұстау және пайдалану

1.2 Арнаулы техникасын ұстау және пайдалану Материалдық шығындар

1.3 Ұшу-қонуды жарық беру техникасымен қамтамасыз ету Материалдық шығындар

1.4 Ұшу-қону жолағын ағымдағы жөндеу Жөндеу

2 Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз
ету жөніндегі қызметтер

2.1 Әуежайдағы өткізу және объектінің ішіндегі режимдерді жүзеге асыру Материалдық шығындар

2.2 Тұрақтағы әуе кемелерін күзету Материалдық шығындар

**Табиғи монополия саласына жататын аэронавигациялық
ұйым қызметтерінің шартты-ауыспалы шығындар тізбесі**

1 Қазақстан Республикасының әуе Метео қамтамасыз ету
кеңістігінде аэронавигациялық қызмет қызметтерін сатып алу
көрсету шығындары

2 Әуеайлақтағы аэронавигациялық қызмет Метео қамтамасыз ету
қызметтерін сатып алу шығындары

Қазақстан Республикасының
Табиғи монополияларды реттеу
және бәсекелестікті қорғау
жөніндегі агенттігі төрағасының
міндетін атқарушының
2004 жылғы 24 маусымдағы
N 274-ОД бұйрығымен бекітілген
әуежайлар мен аэронавигацияның
реттеліп көрсетілетін қызметтерінің
тарифтеріне (бағаларына, алым
ставкаларына) уақытша төмендету
коэффициенттерін дербес қолдану
е р е ж е с і н е
2-қосымша

*Ескерту: Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды
реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 77-НҚ бұйрығымен .*

Әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (
бағаларына, алым
ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерінің
тарифтері деңгейлерінің көрсеткіштер кестесі

Ауежай/аэронавигациялық ұйымның реттелетін қызметінің табыстылық
деңгейі - 5%-ке дейін

Реттеле. | Қолданыстағы тарифке (бағаға, алым ставкасына)

тін | енгізілген әуежайдың (аэронавигациялық ұйымның)
 қызметті| реттелетін қызмет бірлігінің толық өзіндік құнындағы
 тұтыну. | шартты-ауыспалы шығындар үлесі %
 дың өсу |
 қарқыны | _____

%-пен | 1-5 | 6-10 | 11-15 | 16-20 | 21-25 | 26-30 | 31-35

5-ке дейін - - - - -

5-9	0,957	0,960	0,962	0,964	0,966	0,969	0,971
10-14	0,918	0,923	0,927	0,931	0,936	0,940	0,944
15-19	0,882	0,889	0,895	0,901	0,907	0,914	0,920
20-24	0,850	0,858	0,866	0,874	0,881	0,889	0,897
25-29	0,820	0,829	0,839	0,848	0,858	0,867	0,877
30-34	0,792	0,803	0,814	0,825	0,836	0,847	0,858
35-39	0,766	0,778	0,791	0,803	0,815	0,828	0,840
40-44	0,742	0,756	0,769	0,783	0,796	0,810	0,824
45-49	0,720	0,734	0,749	0,764	0,779	0,794	0,808
50-54	0,700	0,715	0,731	0,747	0,762	0,778	0,794
55-59	0,700	0,700	0,713	0,730	0,747	0,764	0,781
60-64	0,700	0,700	0,700	0,715	0,733	0,750	0,768
65-69	0,700	0,700	0,700	0,700	0,719	0,738	0,757
70-74	0,700	0,700	0,700	0,700	0,706	0,726	0,746
75-79	0,700	0,700	0,700	0,700	0,700	0,715	0,735
80-84	0,700	0,700	0,700	0,700	0,700	0,704	0,725
85-89	0,700	0,700	0,700	0,700	0,700	0,700	0,716
90-94	0,700	0,700	0,700	0,700	0,700	0,700	0,707
95-99	0,700	0,700	0,700	0,700	0,700	0,700	0,700
100 және одан көп	0,700	0,700	0,700	0,700	0,700	0,700	0,700

кестенің жалғасы

Реттеле.| Қолданыстағы тарифке (бағаға, алым ставкасына)
 тін | енгізілген әуежайдың (аэронавигациялық ұйымның)
 қызметті| реттелетін қызмет бірлігінің толық өзіндік құнындағы
 тұтыну. | шартты-ауыспалы шығындар үлесі %

дың өсу | _____
 қарқыны | 36-40 | 41-45 | 46-50 | 51-60 | 61-70 | 71-80 | 81-90 | 90-нан
 %-пен | | | | | | | жоғары

5-ке дейін - - - - -
 5-9 0,973 0,976 0,978 0,982 0,987 - - -
 10-14 0,949 0,953 0,957 0,966 0,975 0,983 - -
 15-19 0,926 0,932 0,938 0,951 0,963 0,976 0,988 -
 20-24 0,905 0,913 0,921 0,937 0,953 0,969 0,985 -
 25-29 0,886 0,896 0,905 0,924 0,943 0,962 0,981 -
 30-34 0,869 0,880 0,891 0,913 0,935 0,957 0,979 -
 35-39 0,852 0,865 0,877 0,902 0,926 0,951 0,976 -
 40-44 0,837 0,851 0,864 0,892 0,919 0,946 0,973 -
 45-49 0,823 0,838 0,853 0,882 0,912 0,941 0,971 -
 50-54 0,810 0,826 0,842 0,874 0,905 0,937 0,969 -
 55-59 0,798 0,815 0,832 0,865 0,899 0,933 0,967 -
 60-64 0,786 0,804 0,822 0,858 0,893 0,929 0,965 -
 65-69 0,775 0,794 0,813 0,850 0,888 0,925 0,963 -
 70-74 0,765 0,785 0,804 0,844 0,883 0,922 0,961 -
 75-79 0,756 0,776 0,796 0,837 0,879 0,919 0,960 -
 80-84 0,747 0,768 0,789 0,831 0,874 0,916 0,958 -
 85-89 0,738 0,760 0,782 0,825 0,869 0,913 0,957 -
 90-94 0,730 0,752 0,775 0,820 0,865 0,910 0,955 -
 95-99 0,722 0,745 0,769 0,815 0,861 0,908 0,954 -
 100 және
 одан көп 0,715 0,739 0,762 0,810 0,858 0,905 0,953 -

**Ауежай/аэронавигациялық ұйымның реттелетін
 қызметінің табыстылық деңгейі - 6%-тен 10%-ке дейін**

Реттеле. | Қолданыстағы тарифке (бағаға, алым ставкасына)
 тін | енгізілген ауежайдың (аэронавигациялық ұйымның)
 қызметті | реттелетін қызмет бірлігінің толық өзіндік құнындағы
 тұтыну. | шартты-ауыспалы шығындар үлесі %
 дың өсу |

қарқыны | _____

—

%-пен | 1-5 | 6-10 | 11-15 | 16-20 | 21-25 | 26-30 | 31-35

5-ке дейін - - - - -

5-9 0,959 0,962 0,964 0,966 0,968 0,970 0,972

10-14 0,922 0,926 0,930 0,934 0,939 0,943 0,947

15-19 0,888 0,894 0,900 0,906 0,991 0,917 0,923

20-24 0,857 0,864 0,872 0,879 0,887 0,894 0,902

25-29 0,828 0,837 0,846 0,855 0,864 0,873 0,882

30-34 0,801 0,812 0,822 0,833 0,843 0,854 0,864

35-39 0,777 0,788 0,800 0,812 0,824 0,836 0,847

40-44 0,754 0,767 0,780 0,793 0,806 0,819 0,832

45-49 0,732 0,747 0,761 0,775 0,789 0,803 0,817

50-54 0,713 0,728 0,743 0,758 0,773 0,788 0,804

55-59 0,700 0,710 0,726 0,742 0,759 0,775 0,791

60-64 0,700 0,700 0,711 0,728 0,745 0,762 0,779

65-69 0,700 0,700 0,700 0,714 0,732 0,750 0,768

70-74 0,700 0,700 0,700 0,701 0,720 0,738 0,757

75-79 0,700 0,700 0,700 0,700 0,708 0,728 0,747

80-84 0,700 0,700 0,700 0,700 0,700 0,718 0,738

85-89 0,700 0,700 0,700 0,700 0,700 0,708 0,729

90-94 0,700 0,700 0,700 0,700 0,700 0,700 0,721

95-99 0,700 0,700 0,700 0,700 0,700 0,700 0,713

100 және

одан көп 0,700 0,700 0,700 0,700 0,700 0,700 0,705

—

кестенің жалғасы

—

Реттеле. | Қолданыстағы тарифке (бағаға, алым ставкасына)

тін | енгізілген әуежайдың (аэронавигациялық ұйымның)

қызметті | реттелетін қызмет бірлігінің толық өзіндік құнындағы

тұтыну. | шартты-ауыспалы шығындар үлесі %

дың өсу | _____

қарқыны | 36-40 | 41-45 | 46-50 | 51-60 | 61-70 | 71-80 | 81-90 | 90-нан

%-пен | | | | | | | жоғары

5-ке дейін - - - - -

5-9 0,975 0,977 0,979 0,983 0,988 - - -

10-14 0,951 0,955 0,959 0,967 0,976 0,984 - -

15-19 0,929 0,935 0,941 0,953 0,997 0,977 0,989 -

20-24 0,910 0,917 0,925 0,940 0,955 0,970 0,985 -

25-29 0,891 0,900 0,910 0,928 0,946 0,964 0,982 -

30-34 0,875 0,885 0,896 0,917 0,938 0,959 0,980 -

35-39 0,859 0,871 0,883 0,906 0,930 0,953 0,977 -

40-44 0,845 0,858 0,871 0,897 0,923 0,949 0,975 -

45-49 0,831 0,845 0,859 0,888 0,916 0,944 0,972 -

50-54 0,819 0,834 0,849 0,879 0,910 0,940 0,970 -

55-59 0,807 0,823 0,839 0,871 0,904 0,936 0,968 -

60-64 0,796 0,813 0,830 0,864 0,898 0,932 0,966 -

65-69 0,786 0,804 0,821 0,857 0,893 0,929 0,965 -

70-74 0,776 0,795 0,813 0,851 0,888 0,926 0,963 -

75-79 0,767 0,786 0,806 0,845 0,884 0,923 0,962 -

80-84 0,758 0,778 0,798 0,839 0,879 0,920 0,960 -

85-89 0,750 0,771 0,779 0,833 0,875 0,170 0,959 -

90-94 0,742 0,764 0,785 0,828 0,871 0,914 0,957 -

95-99 0,735 0,757 0,778 0,823 0,680 0,912 0,956 -

100 және

одан көп 0,728 0,750 0,773 0,819 0,864 0,910 0,955 -

Әуежай/аэронавигациялық ұйымның реттелетін қызметінің табыстылық деңгейі - 11%-тен 15%-ке дейін

Реттеле. | Қолданыстағы тарифке (бағаға, алым ставкасына)
тін | енгізілген әуежайдың (аэронавигациялық ұйымның)
қызметті | реттелетін қызмет бірлігінің толық өзіндік құнындағы
тұтыну. | шартты-ауыспалы шығындар үлесі %
дың өсу |
қарқыны | _____

%-пен | 1-5 | 6-10 | 11-15 | 16-20 | 21-25 | 26-30 | 31-35

5-ке дейін - - - - -

5-9 0,961 0,963 0,965 0,967 0,969 0,972 0,974
10-14 0,925 0,929 0,933 0,937 0,941 0,945 0,949
15-19 0,893 0,898 0,904 0,910 0,915 0,921 0,927
20-24 0,863 0,870 0,877 0,885 0,892 0,899 0,909
25-29 0,835 0,844 0,853 0,861 0,870 0,879 0,887
30-34 0,810 0,820 0,830 0,840 0,850 0,860 0,870
35-39 0,786 0,798 0,809 0,820 0,831 0,843 0,854
40-44 0,764 0,777 0,789 0,802 0,814 0,827 0,839
45-49 0,744 0,758 0,771 0,785 0,798 0,812 0,825
50-54 0,725 0,740 0,754 0,769 0,783 0,798 0,812
55-59 0,707 0,723 0,738 0,754 0,769 0,785 0,800
60-64 0,700 0,707 0,723 0,740 0,756 0,772 0,789
65-69 0,700 0,700 0,709 0,726 0,744 0,761 0,778
70-74 0,700 0,700 0,700 0,714 0,732 0,750 0,768
75-79 0,700 0,700 0,700 0,702 0,721 0,740 0,758
80-84 0,700 0,700 0,700 0,700 0,711 0,730 0,749
85-89 0,700 0,700 0,700 0,700 0,701 0,721 0,741
90-94 0,700 0,700 0,700 0,700 0,700 0,712 0,733
95-99 0,700 0,700 0,700 0,700 0,700 0,704 0,725
100 және
одан көп 0,700 0,700 0,700 0,700 0,700 0,700 0,718

кестенің жалғасы

Реттеле. | Қолданыстағы тарифке (бағаға, алым ставкасына)
тін | енгізілген әуежайдың (аэронавигациялық ұйымның)
қызметті | реттелетін қызмет бірлігінің толық өзіндік құнындағы
тұтыну. | шартты-ауыспалы шығындар үлесі %
дың өсу | _____
қарқыны | 36-40 | 41-45 | 46-50 | 51-60 | 61-70 | 71-80 | 81-90 | 90-нан
%-пен | | | | | | жоғары

5-ке дейін - - - - -

5-9 0,976 0,978 0,980 0,984 0,988 - - -
10-14 0,953 0,957 0,961 0,969 0,977 0,985 - -

15-19 0,932 0,938 0,944 0,955 0,966 0,978 0,989 -
 20-24 0,914 0,921 0,928 0,943 0,957 0,972 0,986 -
 25-29 0,896 0,905 0,914 0,931 0,948 0,966 0,983 -
 30-34 0,880 0,890 0,900 0,920 0,940 0,960 0,980 -
 35-39 0,865 0,877 0,888 0,910 0,933 0,955 0,978 -
 40-44 0,851 0,864 0,876 0,901 0,926 0,951 0,976 -
 45-49 0,839 0,852 0,866 0,893 0,920 0,947 0,974 -
 50-54 0,827 0,841 0,856 0,885 0,914 0,943 0,972 -
 55-59 0,815 0,831 0,846 0,877 0,908 0,939 0,970 -
 60-64 0,805 0,821 0,837 0,870 0,903 0,935 0,968 -
 65-69 0,795 0,812 0,829 0,863 0,898 0,932 0,966 -
